**«Қ. Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-де 12.01.2024 жылы ата-аналармен өткен кездесу туралы**

**Мәлімет**

12.01.2024 жылы ДТЖО М. Тунгишбаев, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мүшелерінің қатысуымен педагог-психолог М. Тлегенованың «Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері, жасөспірімнің желідегі әрекеті тақырыбында ата-аналармен кездесу тренинг өткізілді. Кездесуге келген ата-аналар дән риза болып тарқасты.













Мектеп директоры: Е. Адылбеков
Орындаған ДТІЖО-ры: М. Тунгишбаев
А. Тлегенова

**«Қ. Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-де 25.04.2024 жылы өткен ата-аналар жиналысы туралы**

**Мәлімет**

Қ. Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 25.04.2024 жылы кезекті жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде қаралған мәселелер,

1) 2023-2024 оқу жылына талдау.

2) 2023-2024 оқу жылын аяқтау, қорытынды аттестатауды өткізу туралы.

3) Оқушылардың тәртібі. Мектеп формасы.

4) Ағымдағы мәселелер.

Жиналысты мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары М. Тунгишбаев жүргізіп отырды. Жиналысқа мектеп қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп ата-аналар комитетінің төрағасы Т. Сарбасов, мектеп әкелер кеңесінің төрағасы М. Бекқожаев және ата-аналар қатысты. Алғы сөзді мектеп директоры Е. Адылбеков алып баяндама жасады, сонымен қатар күн тәртібіндегі мәселелерді толық қамтып ата-аналар тарапынан қойылған бірнеше сұрақтарына қанағаттанарлық жауаптар қайтарды. Келесі сөз кезегін мектеп ата-аналар комитетінің төрағасы Т. Сарбасов алып ағымдағы мәселелер бойынша түсіндірме жұмысын жүргізді. Мектеп оқушыларының формасының сақталуын және оқушылардың тәртібіне көңіл бөлу керектігін айтты. Келесі сөз кезегін әкелер кеңеңсінің төрағасы М. Бекқожаев алып оқушылардың тәртібіне тоқталып, сонымен қатар тазалық жұмыстарын жандандыруын тапсырды. Жиналыс соңында мектеп директоры Е. Адылбеков жиналысқа қатысқан барлық ата-аналарға өз ризашылығын білдірді.







Мектеп директоры: Е. Адылбеков

Орындағандар ДТІЖО-ры: М. Тунгишбаев

А. Тлегенова

Педагог ұйымдастырушының м.у.а: Ж. Исакова

**Қ. Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектебінде өткен жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысының**

**Хаттамасы № 1**

**27.09.2023 ж**

**Қатысқандар:**

1. Ата-аналар комитетінің төрағасы Т. Сарбасов.
2. Әкелер кеңесініңмтөрағасы М. Бекқожаев.
3. Ата-аналар
4. Мектеп әкімшілігі

**Күн тәртібінде:**

1. Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша есеп.
2. Қамқоршылар кеңесіне үміткерлер тіркеу.
3. Ағымдағы мәселелер.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөнінен орынбасары Е. Байшова сөз алып мектептің өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстарына тоқталып өтті. Сонымен қоса оқушылардың тәртібі және өткен оқу жылындағы мектеп мұғалімдерінің мектеп оқушылары тарапынан жеткен жетістіктерін атап өтіп жоспар бойынша және жоспардан тыс іс-шаралардың өтілгендігін хабардар етті.

Екінші мәселе бойынша сөз кезегін мектеп директоры Е. Адылбеков алып қамқоршылар кеңесіне үміткерлерді тіркеу, тағайындау мәселесі бойынша №355 бұйрықпен ата-аналарды таныстырып өтіп, ол бойынша атқарылатын жұмыстарының мән мағынасын түсіндіріп өтті. Сонымен қатар қамқоршылар кеңесінің өткен оқу жылындағы атқарған жұмыстарын тілге тиек етті. Мектеп оқушыларының сабаққа құнды қғаздар, яғни көп мөлшерде теңге, алтын, ұялы телефон (Смартфон) тағы басқа әкелуіне тыйым салынсын, әкелген жағдайда жоғалып немесе алдырып қойған жағдайда мектеп әкімшілігі, мектеп ұжымы жауапкершілік алмайтындығын ескертті.

Ағымдағы мәселе бойынша сөз кезегінде мектеп ата-аналар комитетінің төрағасы Т. Сарбасов мектептің әр сыныптары бойынша оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша, оқушылардың қатысып жатқан мектеп үйірмелері бойынша, әр сыныптар бойынша сынып ата-аналар комитетінің төрағаларына төрайымдарына тапсырмалар беріп, қадағалауын ұсынды.

Келесі сөз кезегін мектеп әкелер кеңесінің төрағасы М. Бекқожаев алып ағымдағы мәселелерге тоқталып, жиналысқа мейлінше әкелердің қатыстырылуын талап етті.

Ағымдағы мәселелр бойынша келесі сөз кезегін мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары М. Тунгишбаев алып құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесі бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық, зорлық зомбылық әлімжеттік мәселелеріне де тоқталып өтті.

**Қаулы:**

Мектеп ұжымының өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстарына ата-аналар тарапынан оң баға беріліп, қамқоршылық кеңесі бойынша атқарылған жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын. Ата-аналармен қоян қолтық жұмыстар жандандырылсын. Мектепке оқушылар тарапынан құнды қағаздар, алтын, ұялы телефон әкелуіне тыйым салынсын.

Мектеп директоры: Е. Адылбеков

Мектеп ата-аналар комитетінің төрағасы: Т. Сарбасов

Мектеп әкелер кеңесінің төрағасы: М. Бекқожаев

ДТІЖО: М. Тунгишбаев

Хатшысы: Ж. Исакова















**Қ. Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 14.11.2023 жылы бастауыш сыныптың ата-аналарна педагогикалық қолдау көрсету мақсатында өткізілген тренингтер туралы**

**Мәлімет**

Мектеп педагог-психологтары тарапынан 14.11.2023 жылы тәрбиенің біртұтас жоспарына сәйкес, «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер, Бала жүрегіне жол табу» тақырыбында мектеп бастауыш сыныптарының ата-аналарына педагогикалық қолдау көрсету мақсатында тренингтер өткізілді.








Мектеп директоры: Е. Адылбеков

Орындағандар ДТІЖО-ры: М. Тунгишбаев

А. Тлегенова

Мектеп педагог-психологтары: Ж. Тасполатова

М. Тлегенова

**Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде өткен № 3 алдын алу кеңесінің отырысы**

**Хаттамасы №3**

**17.01.2023 ж**

**Қатысқандар:**

1. Мектеп директоры Қ. Қаратаев
2. ДОІЖО Э. Байшова
3. ДТІЖО М. Тунгишбаев
4. Мектеп ата-аналар комитетінің төрағалары мен төрайымдары.

**Күн тәртібінде:**

1. Оқу процесі туралы.
2. Оқушылардың мектепте сабаққа қатысуы туралы.
3. Алдын алу кеңесі бойынша ой бөлісу.

**Тыңдалды:**

17.01.2023 жылы ата-аналардың өтініші бойынша сыныптық ата – аналар жиналысы әр сыныптар бойынша ата-аналар комитетінің төрағалары мен төрайымдарын вацап желісіне қоса отырып, мектеп оқушыларының бүгінгі таңдағы мектеп қабырғасындағы тыныс тіршілігінен хабардар ету және оқу процесі бойынша есептер беру бойынша жиналысты мектеп директоры Қ. Қаратаев ашып, директордың оқу ісі жөнінен орынбасары Э. Байшова ата-аналарға жарты жылдық есептен кейін оқушылардың бүгінгі таңдағы тыныс тіршілігіне тоқталып өтті.

Келесі сөз кезегін алған мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары М. Тунгишбаев ата-аналарға тәрбие одағының жарты жылдық есебінен кейін, оқушылардың бүгінгі таңдағы қатысып жатқан үйірмелеріне атап айтар болсақ мектепте қыркүйек айынан ашылған ақысыз шахмат үйірмесі, би үйірмесі, волейбол үйрмесі, көркем еңбек пән мұғалімдерінің ер балалар үшін және қыз балалар үшін ашылған үйірмелері сонымен қатар оқушылырдың сабаққа қатысуы туралы айтып өтті.

Алдын алу кеңесі бойынша мектеп директоры Қ. Қаратаев сыныптар бойынша ата-аналар комитетінің төрағалары мен төрайымдарына түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, бір қатар сұрақтарына қанағаттанарлық жауаптар берді. Сыныптар

бойынша ата-аналар комитетінің төрағалары мен төрайымдары тарапынан мектеп ұжымының жұмыстарына сәттілік тілеп оң баға берілді.

**Қаулы:**

Мектеп ұжымының жұмысының жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын. Мектеп оқушыларының өзіндік жұмыстары еленіп марапаталынсын.

Мектеп директоры: Қ. Қаратаев

Хатшысы: М. Абуова

20:31

← Қ Мамытов ата-анала...

24 участника

Добавить участников

Пригласить по ссылке

Вы — Админ группы
Привет! Я использую WhatsApp.

Жамиля Психолог

Қайрат директор

М. Ағыбаева Динара 6" А"
Динара

М. Айжан 2" Б"

М. Айтбаева Ақбота 5" Б"
👷👷

20:29

← Қ Мамытов ата-...
Жамиля Психолог, Қай...

М. Аскерова Нулифар 2 " В"
👍👍 13:06

Саламатсыздар ма ата- аналар бізде мектепте қыркүйек айынан бері 4 сыныптар арасында шахматтан тегін үйірме ашылған және ол бойынша 20 оқушы қамтып отырмыз. 13:06
👍




М. Дурсунова Жәмиля 4"В"
Саламатсыздар ма 13:09

М. Дурсунова Жәмиля 4"В"




Сообщение

20:28

Қ Мамытов ата-...
Жамиля Психолог, Қай...

М. Аскерова Нулифар 2 " В"

> Вы
> Саламатсыздар ма құрметті ата-аналар, біз мектеп әкімшілігі сіздерді мектептің тыныс тіршілігіме...

Саламатсыз Рахмет 08:02

М. Разия Апай 5" Ә"

> Вы
> Саламатсыздар ма құрметті ата-аналар, біз мектеп әкімшілігі сіздерді мектептің тыныс тіршілігіме...

👍ОК 08:05

М.Алтынбекова Нуржамал 0" Ә" покинул(-а) группу




Сообщение

20:30

Қ Мамытов ата-...
Жамиля Психолог, Қай...

М. Аскерова Нулифар 2 " В"

> Вы
> Балалардың жеке бас қауіпсіздігін сақтау үшін мектеп мұғадімдері тарапынан аула кезекшілігі, 3 этажға ...

👍👍🥰🥰 14:18







Мектебімізде сонымен қатар би үйірмесі де жұмыс атқаруда. 14:21

Сообщение

20:28

Қ Мамытов ата-...

Жамиля Психолог, Қай...

М. Мамедова Адам 7" Г" вступил(-а) в группу с помощью вашего приглашения

М. Сманова Жазира 8" Ә" вступил(-а) в группу с помощью вашего приглашения

М.Алтынбекова Нуржамал 0" Ә" покинул(-а) группу

М. Ағыбаева Динара 6" А" покинул(-а) группу

Вы добавили контакт М. Ағыбаева Динара 6" А", М. Бектасова Кәмшат 1" Б" и М.Алтынбекова Нуржамал 0" Ә"

Саламатсыздар ма құрметті ата-аналар, біз мектеп әкімшілігі сіздерді мектептің тыныс тіршілігімен хабардар болып отыру мақсатында әр сыныптың ата-аналар комитетінің төрағалары мен төрайымдарын қоса отырып чат ашуды ұйғардық. Балалардың мектеп қабырғасындағы тыныс тіршілігінен хабардар болып отырыңыздар. Әрине алда әліде чатқа қосылатын ата-аналар бар сол себепті бұл қандай чат деп, чаттан шығып кетпеулеріңізді сұранамын.
23:04

Сообщение

20:29

Қ Мамытов ата-...

Жамиля Психолог, Қай...

Элмира Апай Завуч

Пересланное сообщение




Элмира Апай Завуч

Пересланное сообщение




Сообщение

20:29

Қ Мамытов ата-...
Жамиля Психолог, Қай...

**Элмира Апай Завуч**
*Пересланное сообщение*



0:49 13:46

**Элмира Апай Завуч**



13:46

**Элмира Апай Завуч**

Сообщение

20:30

Қ Мамытов ата-...
Жамиля Психолог, Қай...

**М. Дурсунова Жәмиля 4"В"**
Биге кыздар тагы косылса болама
14:23

**М. Аскерова Нулифар 2 " В"**
Желаю удачи всем вам Учителям
14:23

**М. Маюсупова Мейіргүл 0" А"**
> Вы
> Мектебімізде сонымен қатар би үйірмесі де жұмыс атқаруда.

Қай сыныптар қатыса алады? Ж/е ақылыма?
14:24

**М. Аскерова Нулифар 2 " В"**
> Элмира Апай Завуч
> Фото



Здоровья и счастья вам
14:27

**Қайрат директор**
> М. Маюсупова Мейіргүл 0" А"
> Қай сыныптар қатыса алады? Ж/е ақылыма?

Барлығы тегін
14:45

Сообщение

20:30

Қ Мамытов ата-...
Жамиля Психолог, Қай...

М. Аскерова Нулифар 2 " В"

> Вы
> Балалардың жеке бас қауіпсіздігін сақтау үшін мектеп мұғадімдері тарапынан аула кезекшілігі, 3 этажға ...

👍👍🥰🥰 14:18



0:32 14:19



0:22 14:19

Мектебімізде сонымен қатар би үйірмесі де жұмыс атқаруда.
14:21

Сообщение

20:31

Қ Мамытов ата-...
Жамиля Психолог, Қай...

Биге кыздар тагы косылса болама
14:23

М. Аскерова Нулифар 2 " В"
Желаю удачи всем вам Учителям
14:23

М. Маюсупова Мейіргүл 0" А"

> Вы
> Мектебімізде сонымен қатар би үйірмесі де жұмыс атқаруда.

Қай сыныптар қатыса алады? Ж/е ақылыма?
14:24

М. Аскерова Нулифар 2 " В"

> Элмира Апай Завуч
> Фото



Здоровья и счастья вам 14:27

Кайрат директор

> М. Маюсупова Мейіргүл 0" А"
> Қай сыныптар қатыса алады? Ж/е ақылыма?

Барлығы тегін
14:45

М. Маюсупова Мейіргүл 0" А"
👍👍жақсы екен.
14:51

Сообщение

**Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде өткен № 4 ата-аналар жиналысының**

**Хаттамасы № 4**

**27.03.2023 ж**

**Қатысқандар:**

1. Мектеп директорының у.м.а. Т. Бекбосынов
2. ДТІЖО М. Тунгишбаев
3. Мектеп сынып жетекшілері және ата-аналар.

**Күн тәртібінде:**

1. Үшінші тоқсан қорытындысы және төртінші тоқсандағы өзекті мәселелер.
2. Әр түрлі сұрақтар бойынша ой бөлісу.

**Тыңдалды:**

27.03.2023 жылы әр сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы болып өтті, күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары М. Тунгишбаев ата-аналар жиналыстарына арнайы қатысып жиналыстарын ашып үшінші тоқсан бойынша оқушылардың сабаққа қатысу деңгейін айтып, директордың бейіндік ісі жөнінен орынбасары А. Абдрамановаға сөз кезегін беріп БЖБ, ТЖБ қорытындылары бойынша және алдағы тортінші тоқсандағы сабақтарына тоқталып кетуін ұсынды. ДБІЖО А. Абдраманова БЖБ, ТЖБ қорытындылары бойынша айтып өтіп, алдағы төртінші тоқсандағы өзекті мәселелеріне тоқталып өтті, оның ішінде мектеп бітіруші 9 шы және 11 сынып оқушыларының тест УБТ тапсыратынын шегелеп түсіндірді. Жарыс сөзге шыққан ата-аналардың сұрақтарына мектеп директорының у.м.а. Т. Бекбосынов толық қанағаттанарлық жауаптар берді.

**Қаулы:**

Әр сыныптар бойынша өтілген ата-аналар жиналысы қанағаттанарлық деңгейде өтілді деп есептелсін.

ДТІЖО М. Тунгишбаевтың әр сыныптар бойынша өтілген ата-аналар алдындағы есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

Мектеп директорының у.м.а. Т. Бекбосынов.

Хатшы М. Абуова





Қ.мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 6 сынып оқушыларының ата-аналарымен өткен құқық кеңесінің отырысы

## ХАТТАМА №3

**6.04.2023 жылы**

**Қатысқандар**

Мектеп директорының м.у.а: Т.Бекбосынов

Мектеп әкімшілігі:

Төлеби АПБ ЖПҚББ ЮПТ

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі аға УПИ полиция маиоры: Камалов М. Полиция лейтенаты: Жамал О. Амиров С.

**Күн тәртібінде**

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу;
2. Оқушылардың орасындағы түрлі келеңсіз мәселелерді шешу;
3. Оқушылардың сабаққа қатысуы;

Күн тәртібі мәселе бойында жиналысты ашу мектеп директорының м.у.а Т.Бекбосынов жиналысты ашып, ата-аналарға мектеп инспекторларын таныстырып, сөз кезегін аға мектеп инспекторы М.Камаловқа ұсынды. Сөз кезегін алған М.Камалов балалардың дұрыс тәртібіне барлығымыз жауапты екенімізді ұмытпайық. Балалардың дұрыс тәрбие алуына өз үлесімізді қосйық. Атадан келе жатқан дәстүр бойынша қызға қырық үйден тыйу деп бекер айтпаса керек. Қыз баланың тәрбиесіне бірінші анасы жауапты. Қалаберді мектеп ұжымы және сынып жекекшіде тікелей жауапты. Осы орайда мектептің 6 «Ә» сынып оқушыларының қыз балалар арасында кикілжің пайда болғандығы айтылды. Осы мәселе бойынша араздасқан екі оқушының атанасы арасында түсініспеушілік болғандығы туралы және 6 сынып оқушыларының ата-аналары шақырылып, жиналыс өткізілді. Араздасқан ата-аналар

барлық ата-аналар алдында өз қателіктерін мойындап, бір-біріне түсіністікпен қарады. Келесі сөз кезегін алған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасры М.Тунгишбаев және А.Тлегенова оқушылар арасындағы кездесіп жататын түрлі келеңсіз жағдайлардың алдын алу бойынша жұмыстар бұған дейінде бірнеше рет жүргізгендігі туралы айтып өтті. Сонымен қатар күні кеше ғана қайталанған оқушылардың бір-біріне деген түсініспеушілік пен қарағанын айтып, ол бойынша тәрбиелік мағынасы бар әңгімелер жүргізілгені туралы айтылды. Осы мәселе бойынша мектеп директорының м.у.а Т.Бекбосынов ата-*аналарды сабырға шақырып, оқушылар бүгін ұрсатынын ертең татуласатынын айтты.

**Шешім:**

Құқық бұзушылық алдын алу мақсатында түрлі жұмыстар жүргізілсін. Оқушылардың ата-аналар тарапынан шиеленіскен мәселелері дұрысынан шешілсін. Жалпы мектеп оқушылар арасында кездесетін келеңсіз оқиғалар қадағалансын.

Мектеп диекторының м.у.а: Т.Бекбосынов

ДТШЖО: М.Тунгишбаев

Хатшы: М.Әбуова


ЖЕРШАРЫ (ГЛОБУС)
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КАРТА-ГЕОГРАФИЯНЫҢЕКІНШІТІЛІ.



**Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде өткен ата-аналар жиналысының**

**Хаттамасы № 5**

**24.05.2023 ж**

**Қатысқандар:**

1. Ата-аналар комитетінің төрағасы Т. Сарбасов.
2. Мектеп оқушыларының ата-аналары. Қатысқаны 102.
3. Мектеп директоры және мектеп әкімшілігі.

**Күн тәртібінде:**

1. Соңғы қоңырау.
2. Мектеп формасы.
3. Мемлекеттік емтихан
4. Ағымдағы мәселелер.

**Тыңдалды:**

Ағымдағы мәселе бойынша мектеп директоры Е. Адылбеков ата-аналар жиналысын ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтіп регламентті белгіледі.

Мектеп директоры ата-аналарға мектеп күн тәртібіндегі мәселесіне тоқталып, бірінші маусым соңғы қоңырау мерекесіне орай, іс-шара барысында оқушылардың мектеп формасында болуын, көліктер шеруінің орын алмауын, мерекелік дастархандардың болмауын, соңғы қоңырауға арнап ақша жиналмауын айтып өтті. Сондай-ақ соңғы қоңыраудың безендірілуіне, мұғалімдерге сый-сияпат жасауға ақша жиналмауын талап етті. Екінші мәселе бойынша арнайы шақырылған фирма жетекшісі Ғани мырза өз тауарларын яғни мектеп формаларын ата-аналарға ұсынды. Мектеп формасының бағасы қолжетімді екендігін тілге тиек етті. Сонымен қатар тұл жетімдерге тегін беретіндігін айтты. Үшінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөнінен орынбасары Т. Бекбосынов оқу процесіне байланысты ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мектебіміздегі қызыл аттестатқа бітіретін оқушыларды атап өтіп, ҰБТ мәселелеріне де тоқталды. Ата-аналар тарапынан аталған мәселелер бойынша қойылған сұрақтарына мектеп директоры Е. Аділбаев және мектеп ата-аналар комитетінің төрағасы Т. Сарбасов, мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары М. Тунгишбаев қанағаттанарлық жауаптар қайтарды.

**Қаулы:**

1) 2023-2024 оқу жылында бірыңғай мектеп формасына көшірілсін.
2) Оқушыларға мектепте телефон ұстауға қатаң тыйым салынсын.
3) Соңғы қоңырау мерекесі, емтихан және тағы басқалай іс-шараларға байланысты, Төлеби аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 15.05.2023 жылғы №176-п бұйрығына сәйкес заңсыз алымдарға тыйым салынсын.

Мектеп ата-аналар

Комитетінің төрағасы: Т. Сарбасов

Хатшысы: А. Мырзахметова.















